

Наурыз

Наурыз - жақсылықтың жаршысы
Наурызым келді, әжелерім дайындал,
Сақтап келген қазы-қарта, майыңды ал.
Бүршік жарды бақшадағы әр бұтақ-
Қарағай мен және тағы қайыңдар.
Ұлттық мейрам кеп қапты ұлықтайық,
Ауыр сөзді айтпайық, құлыптайық,
Өзгенің қиянатын ұмытсақта,
Құттықтауды ешқашан ұмытпайық.
Өкпе-назды ұмытады бұл күнде,
Ренжіскен ағайын дос бауырлар.
Бірін-бірі шақырады көжеге,
Туыс-туған, жақын аймақ ауылдар.
Күріш, бидай, арпа, тағы басқасы
Жеті түрлі тағамы бар қысқасы.
Наурыzkөже аталатын ғұрпы бар
Бұл мейрамның басты ғажап тағамы.
Бұл тағамның ғажаптығын айтайын,
Сан қырынан қарап қане байқайын.
Ішсең дәмді, және тағы сіңімді,
Дәмі бөлек тым ерекше, өзгеше.
Қуанып жүр кәрі-жасы барлығы,
Ұмытылған әлде қашан бар-мұны.
Ақ көңілмен қарсы алады әрбір үй,
Құшақ жайып, есік аша барлығы.
Ұлыстың ұлы күні құтты болсын,
Ел еңсесі биік әрі мықты болсын.
Барын жайды дастарханға аналар,
Қуанып жүр шашу талап балалар.
Бізде салдық барымызды ағайын-
Әділқазы өнерліні бағалар.